

**«ПРОБЛЕМАЛЫҚ КРЕДИТТЕР ҚОРЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
(«ПКҚ» АҚ)**

«Проблемалық кредиттер қоры»
АҚ Директорлар кеңесі отырысының
2021 жылғы «19» мамырдағы
хаттамасымен бекітілген

**«ПРОБЛЕМАЛЫҚ КРЕДИТТЕР ҚОРЫ» АҚ
КОМПЛАЕНС БАҚЫЛАУ (СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ
КОМПЛАЕНС) ЖӘНЕ КОМПЛАЕНС-ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ
САЯСАТЫ**

Алматы қаласы, 2021 ж.

Мазмұны

<u>1-тарау. Жалпы ережелер.....</u>	<u>3</u>
<u>2-тарау. Анықтамалар мен қысқартулар</u>	<u>3</u>
<u>3-тарау. Қордың комплаенс-бақылау және комплаенс тәуекелдерін басқару жүйесінің мақсаттары, қағидаттары мен міндеттері</u>	<u>4</u>
<u>4-тарау. Қордың комплаенс жүйесінің құрылымы, басқару органдары және қатысушылары.....</u>	<u>6</u>
<u>5-тарау. Комплаенс тәуекелдерінің түрлері және олардың пайда болу факторлары.....</u>	<u>9</u>
<u>6-тарау. Мүдделер қақтығысының алдын алу.....</u>	<u>12</u>
<u>7-тарау. Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл.....</u>	<u>13</u>
<u>8-тарау. Инсайдерлік ақпаратты бақылау және оны ашу.....</u>	<u>17</u>
<u>9-тарау. Сыйлық беру және қабылдау саясаты.....</u>	<u>17</u>
<u>10-тарау. Комплаенс-бақылау және комплаенс тәуекелдерді басқару процесіндегі мониторинг және есептілік.....</u>	<u>17</u>
<u>11-тарау. Қорытынды ережелер.....</u>	<u>18</u>
<u>1-қосымша</u>	<u>20</u>

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ Комплаенс-бақылау (сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс) және комплаенс-тәуекелдерді басқару саясаты (бұдан әрі – саясат) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әзірленді

2. Осы Саясат Қазақстан Республикасының заңнамасының, Қордың ішкі құжаттарының талаптарын сақтау, шығындар немесе іскерлік беделді жоғалту тәуекелін төмендету мақсатында «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ-да (бұдан әрі – Қор) комплаенс-тәуекелдерді басқарудың негізгі мақсаттарын, қағидаттарын, міндеттерін, құрылымы мен тәсілдерін айқындайды.

3. Осы Саясаттың күші Қор қызметінің барлық түрлеріне қолданылады. Құжатпен Қордың барлық құрылымдық бөлімшелерінің, олардың қызметкерлерінің танысуы және оны қолдануы міндетті болып табылады.

2-тарау. Анықтамалар мен қысқартулар

4. Бұл Саясатта келесі терминдер мен ұғымдар қолданылады:

1) Комплаенс-бақылау (сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс) – «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының, реттеуші заңнаманың және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілерінің, халықаралық стандарттардың, Қордың комплаенс-тәуекелдерді іске асыруға әкеп соғатын бұзушылықтардың алдын алу, комплаенс тәуекелдерінің салдарын және олардың пайда болу себептерін жою жөніндегі ішкі құжаттарының талаптарының сақталуын және орындалуын ішкі мониторингілеу, үйлестіру және бақылау жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының жиынтығы;

2) Комплаенс-бақылаушы – Комплаенс қызметінің бастығы, оның айрықша құзыретіне Комплаенс қызметінің жұмысын үйлестіру және комплаенс қатысушыларының комплаенс-тәуекелді басқару саясатын іске асыруын бақылауды жүзеге асыру үшін жауапкершілік кіреді;

3) Мүдделер қақтығысы – Қор қызметкерінің жеке мүддесі лауазымдық міндеттерді бейтарап атқаруға әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін жағдай;

4) Комплаенс қызметі – Комплаенс қызметінің комплаенс-бақылаушысынан және қызметкерлерінен тұратын Қордың құрылымдық бөлімшесі, оның құзыретіне Қор мен оның қызметкерлерінің қызметінің Қазақстан Республикасы заңнамасының, халықаралық стандарттардың, сондай-ақ ішкі құжаттардың (комплаенс-тәуекелді басқару) талаптарына сәйкестігіне ішкі бақылауды жүзеге асыру кіреді;

5) Комплаенс жүйесіне қатысушылар – құзыретіне комплаенс-бақылау және/немесе комплаенс-тәуекелді басқару функцияларын жүзеге асыру кіретін Қордың органдары, құрылымдық бөлімшелері, Қор қызметкерлері;

6) Құрылымдық бөлімшелердің комплаенс жөніндегі үйлестірушілері – Қордың құрылымдық бөлімшелеріндегі комплаенс тәуекелдері мониторингіне, өз бөлімшесінің комплаенс тәуекелдері бойынша есептілікті ұсынуға жауапты Қордың құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері;

7) Уәкілетті органдар – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, Қазақстан Республикасының Қаржы мониторингі агенттігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;

8) Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар, құқыққа қарсы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік).

9) Сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

10) Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

11) Комплаенс-тәуекел – Қазақстан Республикасының заңнамасын және халықаралық стандарттарды, сондай-ақ Қордың ішкі құжаттарын сақтамау тәуекелдері;

12) Бедел тәуекелі – Қорға деген теріс қоғамдық пікірдің немесе сенімнің төмендеуі салдарынан шығыстардың (залалдардың) туындау тәуекелі, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, іскерлік мінез-құлықтың халықаралық стандарттарын, сондай-ақ Қордың ішкі саясаттарын, құжаттарын немесе этикалық стандарттарын сақтамау нәтижесінде Қорға қолданылуы мүмкін заңдық санкциялар тәуекелі.

3-тарау. Қордың комплаенс-бақылау және комплаенс тәуекелдерін басқару жүйесінің мақсаттары, қағидаттары мен міндеттері

5. Комплаенс-бақылау – Қордың ішкі бақылау жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Комплаенс-бақылаудың негізгі мақсаты – Қор қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын, реттеуші заңнаманы және Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін, Қордың ішкі құжаттарын сақтауын қамтамасыз ету болып табылады.

Соған байланысты Қордағы комплаенс-тәуекелді басқаруды ұйымдастырудың негізгі мақсаты – Қордың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, Қордың ішкі құжаттарын қағидалар мен рәсімдерді сақтамауына байланысты шығындарды (залалды) келтіруіне жол бермеу, сондай-ақ Қордың жалғыз акционері мен клиенттерінің мүдделерін қорғау болып табылады.

6. Қордағы комплаенс жүйесін ұйымдастырудың міндеттері мыналар болып табылады:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бөлігіндегі талаптарын іске асыру;

2) Қазақстан Республикасы заңнамасының ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру жөніндегі мәмілелерді анықтау бөлігіндегі талаптарын іске асыру;

3) Қазақстан Республикасы заңнамасының инсайдерлік ақпаратты бақылау бөлігіндегі талаптарын іске асыру;

4) ішкі және сыртқы алаяқтықты (fraud management) анықтау мақсатында Қордың операцияларын бақылау;

5) Қордың қаржылық есептілігіне қатысты ішкі бақылаудың барабар құрылымы мен рәсімдерін қолдау;

6) қосарлы бақылау түріндегі бақылау («төрт көз» және «бірлесіп қол жеткізу» қағидаты), алдын ала талдау, Қор қызметкерлерін қателерді бақылау және анықтау тәсілдеріне оқыту, оларды уақтылы анықтау мақсатында қателердің бар-жоғын тексеру тәсілдеріне оқыту әдістерін қамтитын Қордың ішкі құжатын әзірлеу және іске асыру;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мәліметтердің толықтығын, дұрыстығын және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарына уақтылы ұсынылуын қамтамасыз ету мониторингі;

8) Қор қызметінің тиімділігін арттыруды қамтамасыз ететін комплаенс-тәуекелді басқару жүйесін құру;

9) Қор қызметін жүзеге асыру процесінде комплаенс тәуекелін басқару үшін ішкі бақылауды жүзеге асыру және Қордың құрылымдық бөлімшелерінің тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

10) комплаенс тәуекелінің туындауы нәтижесінде шығындарды (залалдарды) барынша азайту;

7. Қордағы комплаенс тәуекелін басқару процесі келесі қағидаттарға негізделген:

1) Тәуекел туралы хабардар болу.

Комплаенс-тәуекелді басқару процесі Қордың әрбір қызметкеріне әсер етеді.

Қордың кез келген операцияны жүргізуі туралы шешім қабылдауы осындай операция нәтижесінде туындайтын комплаенс-тәуекелдерді жан-жақты талдағаннан кейін ғана жүргізіледі. Комплаенс-тәуекелге ұшыраған операцияларды жүргізетін Қор қызметкерлері операциялар тәуекелі туралы хабардар болады және операциялар жасамас бұрын тәуекелді сәйкестендіруді, талдауды және бағалауды жүзеге асырады. Қорда комплаенс-тәуекелге ұшыраған және Комплаенс қызметінің оны мерзімді қайта қарауы және жаңартуы арқылы Қордың барлық құрылымдық бөлімшелері үшін қолжетімді желілік ресурста орналастыра отырып, келісуді талап ететін Қор операцияларының тізбесі қалыптастырылады.

Қорда комплаенс-тәуекелге ұшыраған барлық операцияларды жасау тәртібін регламенттейтін ішкі құжаттар, Қордың Директорлар кеңесінің, Қор Басқармасының шешімдері қолданылады. Ішкі құжаттар немесе оларды жасау тәртібін регламенттейтін алқалы органдардың тиісті шешімдері болмаған жағдайда Қордың жаңа операцияларды жүргізуіне жол берілмейді.

2) Қатысу қағидаты.

Қордың Директорлар кеңесі мен Басқармасы комплаенс-тәуекелді басқару және комплаенс-бақылау ортасын құру процесіне қатысады.

Комплаенс-тәуекелді басқару тек Комплаенс қызметінің функциясы ғана емес, ол Қордың барлық бизнес-процестеріне біріктіріледі. Нақты тәуекел оқиғасын іске асыру үшін Қордың нақты операциялық қызметіне бастамашылық жасайтын және іске асыратын бөлімше жауапты болады. Комплаенс-бақылау бөлімшесінің міндеті Қордың ықтимал шығындарын шектеу және туындайтын комплаенс-тәуекелдерді азайту рәсімдерін іске асыруды мониторингілеу болып табылады.

3) Мүдделілік қағидаты.

Қордың Директорлар кеңесі мен Қор Басқармасы комплаенс-бақылаудың тиімділігіне тікелей мүдделі.

4) Жеткіліктілік қағидаты.

Қордың Директорлар кеңесі мен Қор Басқармасы комплаенс-бақылау міндеттерін, оның ішінде комплаенс қызметін орындау үшін қажетті өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігіне тікелей мүдделі.

5) Ақпараттық ашықтық қағидаты.

Қордың Директорлар кеңесі мен Басқармасы комплаенс-бақылау қызметінің ашықтығына тікелей мүдделі.

6) Өкілеттіктерді бөлу.

Функцияларды бөлудегі мүдделер қақтығысын болдырмау – Қордың құрылымдық бөлімшелері мен Қор қызметкерлерінің комплаенс-тәуекелге ұшыраған операцияларды жүзеге асыру жөніндегі міндеттерін бөлу.

Осы мақсаттар үшін былайша бөлінеді:

- Қордың операциялары мен мәмілелерін оларды тіркеуден және есепте көрсетуден бөлек жасау;
- ақшалай қаражатты нақты төлеуді жүзеге асырудан олардың төлемін санкциялаудан;
- операциялардың өздерін жасаудан операцияларды бақылау.

7) Операциялардың жүргізілуін бақылау.

Қордың тиісті құрылымдық бөлімшелері комплаенс-тәуекелдерге ұшыраған кез келген операцияның жасалуына алдын ала, ағымдағы және кейінгі бақылауды жүзеге асырады.

8) Қор басшылығы мен Қордың алқалы органдары тарапынан бақылау.

Комплаенс-тәуекелді басқару процесі объективті, сенімді және өзекті ақпараттың болуымен қатар жүргізіледі.

Қордың Директорлар кеңесі мен Қор басқармасы комплаенс-тәуекелдерді іске асырудың туындаған жағдайлары және олардың деңгейін төмендетуге қатысты қабылданған шаралар туралы ақпаратты қарайды.

9) Ақпараттық технологияларды пайдалану.

Комплаенс-тәуекелді басқару процесі заманауи ақпараттық технологияларды пайдалану негізінде құрылады. Қордың ақпараттық жүйелерінде комплаенс-тәуекелдерді бақылау құралдары көзделеді.

10) Комплаенс-тәуекелді басқару жүйесін тұрақты жетілдіру.

Комплаенс-тәуекелді басқару жүйесі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын көрсетуі, сондай-ақ комплаенс-тәуекелдерді басқарудың үздік халықаралық тәжірибелеріне сәйкес келуі тиіс.

Қор стратегиялық міндеттерді, сыртқы ортадағы өзгерістерді, комплаенс-тәуекелдерді басқарудың әлемдік тәжірибесіндегі жаңалықтарды ескере отырып, ақпараттық жүйелерді, рәсімдер мен технологияларды қоса алғанда, комплаенс-тәуекелдерді басқарудың барлық элементтерін үнемі жетілдіріп отырады.

11) Үздіксіздік.

Комплаенс-тәуекелді анықтау, бағалау, өлшеу процесі тұрақты негізде жүргізіледі.

8. Жоғарыда келтірілген қағидаттар тізбесі толық емес және қажет болған жағдайда толықтырылуы мүмкін.

4-тарау. Комплаенс жүйесінің құрылымы, басқару органдары және қатысушылары

9. Комплаенс-тәуекелдерді басқару дегеніміз – ықтимал комплаенс-тәуекелдерді уақтылы анықтауға, анықталған комплаенс-тәуекелдерді бағалауға, сондай-ақ комплаенс-тәуекелдерді басқарудың нақты әдістерін қолдануға негізделген үздіксіз процесс. Тәуекелдерді бағалау және оларды басқару рәсімдері Қордың ағымдағы операцияларын жүзеге асыру процестеріне біріктіріледі.

10. Комплаенс-тәуекелді тиімді басқару үшін Қорда комплаенсті басқару жүйесі қалыптасады, оған мынадай қатысушылар кіреді:

1) Директорлар кеңесі;

2) Басқарма;

3) Комплаенс қызметі;

4) Ішкі аудит қызметі;

5) Тәуекел-менеджмент департаменті;

6) Заң департаменті;

7) Ішкі әкімшілендіру департаменті;

8) Қызметті үйлестіру департаменті

9) Құрылымдық бөлімшелердің комплаенс жөніндегі үйлестірушілері.

11. Комплаенс қызметінің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) Қор қызметін жүзеге асыру процесінде комплаенс-тәуекелді басқару жүйесін құру, ішкі бақылауды жүзеге асыру және комплаенс-тәуекелді басқару үшін құрылымдық бөлімшелердің тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

2) комплаенс-тәуекелді, яғни Қазақстан Республикасының заңнамасын, оның ішінде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын, Қордың ішкі құжаттарын сақтамау салдарынан, сондай-ақ мемлекеттік органдар тарапынан санкциялар және (немесе) өзге де ықпал ету шараларын қолдану нәтижесінде (бұдан әрі-реттеушілік тәуекел) және комплаенс-тәуекелдің туындауы нәтижесінде Қордың шығынын (залалын) азайту;

3) Қордың, оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету мониторингі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу;

4) Қордың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеу талаптарын және үздік халықаралық практиканы сақтауын қамтамасыз ету мониторингі;

5) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және қайта бағалау;

6) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;

7) Директорлар кеңесін комплаенс-тәуекел мониторингінің нәтижелері бойынша жыл сайын хабардар ету және қажет болған жағдайда Қор Басқармасының ұсынымдарын енгізу.

12. Комплаенс қызметі өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес және өзіне берілген өкілеттіктер шегінде мынадай функцияларды орындайды:

1) реттеушілік тәуекелге байланысты оқиғаларды есепке алуды жүзеге асырады, олардың туындау ықтималдығын және олардың салдарын сандық бағалауды айқындайды;

2) комплаенс-тәуекелдер мониторингін және комплаенс-тәуекелдерді басқару тиімділігін жүзеге асырады;

3) қажет болған жағдайда реттеушілік тәуекелді басқару жөніндегі ұсынымдарды Қордың құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына және Қор басқармасына жібереді;

4) Қордағы реттеушілік тәуекел деңгейін төмендетуге бағытталған шаралар кешенін үйлестіруді жүзеге асырады және оны әзірлеуге қатысады;

5) Қордың реттеушілік тәуекелді басқару жөніндегі ішкі құжаттарын әзірлеуге қатысады;

6) Қор қызметкерлерін реттеушілік тәуекелді басқаруға байланысты мәселелер бойынша хабардар етуді жүзеге асырады;

7) осы Саясатқа сәйкес Қордың және оның қызметкерлерінің қызметіндегі мүдделер қақтығысын анықтайды, оны барынша азайтуға бағытталған ішкі құжаттарды әзірлеуге қатысады;

8) Қордың инсайдерлер тізімін жүргізу және оны жаңартылған күйде ұстау бөлігінде Қордың Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз етуін мониторингілеуді жүзеге асырады;

9) Қордың үлестес тұлғаларының тізімін жүргізу және оны жаңартылған күйде ұстау бөлігінде Қордың Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз етуін мониторингілеуді жүзеге асырады;

10) Қордың лауазымды адамдарының, қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне шағымдар (жолданымдар, өтініштер) динамикасының көрсеткіштерін талдауды жүзеге асырады;

11) Қордың заңды тұлғалармен және жеке кәсіпкерлермен қызметтер көрсетуге және (немесе) қордың негізгі қызмет түрлерін жүзеге асыру барысында, атап айтқанда Қор сатып алған активтерді басқару және өткізу кезінде жұмыстарды орындауға шарттар жасасуының ықтимал сыбайлас жемқорлыққа қарсы құрамдас бөлігі мен экономикалық орындылығын талдауды жүзеге асырады;

12) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған ішкі құжаттарды әзірлеуге қатысады;

13) корпоративтік мінез-құлық қағидаларын, кәсіби этика нормаларын сақтауға бағытталған іс-шараларды өткізуге қатысады;

14) анықталған комплаенс-тәуекелдер туралы, Қордың және (немесе) оның қызметкерлерінің комплаенс-тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі ішкі құжаттардың талаптарын бұзғаны немесе сақтамағаны туралы ақпаратты қоса алғанда, Қордың Басқарма Төрағасы мен Қордың Басқарма мүшелерін мерзімді негізде комплаенс-тәуекелді басқару жүйесінің жай-күйі туралы хабардар етуді жүзеге асырады;

15) заңды және жеке тұлғалардың Қордың лауазымды адамдарының, қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне қатысты шағымдарын (жолданымдарын, өтініштерін) қарау жөніндегі жұмыстың ұйымдастырылуын бақылауды жүзеге асырады;

16) Қордың Басқарма Төрағасы және Қордың Басқарма мүшелері комплаенс-бақылау процесінде анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдамаған жағдайда Қордың Директорлар кеңесін хабардар етеді;

17) өз құзыреті шеңберінде мемлекеттік органдармен және үшінші мүдделі тұлғалармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

18) Комплаенс қызметіне жүктелген міндеттерді іске асыру үшін қажет болатын Қордың ішкі құжаттарына сәйкес басқа да функцияларды жүзеге асырады.

13. Комплаенс жүйесінің қатысушылары:

1) осы Саясатқа сәйкес өз құзыреті шеңберінде Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қордың ішкі құжаттарының талаптары қатаң және мүлтіксіз сақталған жағдайда комплаенс-тәуекелдерді сәйкестендіреді және бағалайды, оларды басқаруды және мониторингілеуді жүзеге асырады;

2) Қордың корпоративтік мүдделерінің этикасын сақтайды және қолдайды;

3) осы Саясатқа сәйкес әрбір тексеру фактісін құжаттайды және тексеру нәтижелері бойынша қорытындыларды ресімдейді, анықталған кемшіліктерді, бұзушылықтарды және оларды жою жөніндегі ұсынымдарды көрсетеді;

4) бақылау жұмысы мен жүргізілетін тексерулердің орындалу барысын бақылауға мүмкіндік беретін құжаттардың (не олардың орналасқан жері туралы ақпараттың) болуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ олардың нәтижелерінің дұрыстығын куәландырады;

5) өздері үшін белгіленген құзырет шеңберінде, өз бетінше де, Комплаенс-бақылаушының қатысуымен де және/немесе оның ұсынымдары бойынша да комплаенс-тәуекелдерге жол бермеу, оларды кәсіби басқару, сондай-ақ олардың туындау себептерін жою жөніндегі барлық қажетті және соларға байланысты шараларды қабылдайды;

6) өз міндеттерін орындау үшін қажетті біліктілігі, жұмыс тәжірибесі, кәсіби және жеке қасиеттері бар;

7) алынған және пайдаланылатын ақпараттың құпиялылығын сақтайды;

14. Комплаенс-тәуекелді басқару жүйесі үш қорғаныш желісі негізінде ұйымдастырылған:

1) бірінші қорғаныш желісін Қордың барлық қызметкерлері қамтамасыз етеді.

Қордың құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері Комплаенс қызметіне Қордың комплаенс-тәуекелдерінің туындауына әкеп соғуы мүмкін бұзушылықтар (кемшіліктер, оқиғалар, мәмілелер) туралы ақпаратты жеткізеді.

Қордың құрылымдық бөлімшелерінің басшылары Қордың құрылымдық бөлімшесінде комплаенс-тәуекелді басқаруды жүзеге асырады, оның ішінде анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады.

2) екінші қорғаныш желісін Комплаенс қызметі қамтамасыз етеді.

Комплаенс қызметінің басшысы комплаенс-бақылау бөлімшесінің қызметі үшін жауапты болады.

3) үшінші қорғаныш желісін Қордың Ішкі аудит қызметі комплаенс-тәуекелді басқару жүйесін тәуелсіз бағалау арқылы қамтамасыз етеді.

15. Қордың Басқармасы:

- 1) Қор қызметкерлерінің осы Саясатты сақтауын қамтамасыз етеді;
- 2) Қордың Директорлар Кеңесі бекіткен Қордың тәуекелдер тізілімі шеңберінде Комплаенс қызметі анықтаған комплаенс-тәуекелдерді жыл сайын бағалайды, сондай-ақ олардың туындау себептерін талдайды;
- 3) түзету немесе тәртіп шараларын және комплаенс-тәуекел анықталған жағдайда оны жою жөніндегі шараларды қабылдайды;
- 4) Қордың және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтамауы салдарынан Қорды шығындануға немесе оның іскерлік беделінің жоғалуына әкеп соғуы мүмкін кез келген операциялар туралы Қордың Директорлар Кеңесіне дереу хабарлайды.

16. Қордың Директорлар кеңесі:

- 1) осы Саясаттың және Комплаенс қызметінің бекітілген жұмыс жоспарының сақталуын бақылайды;
- 2) Қордың тәуекелдер тізілімін бекіту шеңберінде Комплаенс қызметі анықтаған комплаенс-тәуекелдерді жыл сайын қарайды;
- 3) ықтимал комплаенс-тәуекелдерді жою жөніндегі іс-шараларды ескере отырып, Комплаенс қызметінің жыл сайынғы жұмыс жоспарын бекітеді;
- 4) Қор Басқармасын Қордың құрылымдық бөлімшелерінің Саясатты орындау тиімділігін мониторингілеуге және бағалауға жауапты ретінде айқындайды;
- 5) Қор Басқармасының қызметін бақылауды жүзеге асырады, атап айтқанда:
 - Комплаенс, сыртқы аудит қызметі және уәкілетті орган анықтаған бұзушылықтар мен кемшіліктерді Қор Басқармасының уақтылы, толық және сапалы жоюы;
 - Комплаенс, сыртқы аудит қызметінің және уәкілетті органның ұсынымдарын Қор Басқармасының орындауы.

17. Қордың Басқармасы мен Қордың құрылымдық бөлімшелерінің басшылары бейтараптық қағидаттарын қамтамасыз етуге, сақтауға және мүдделер қақтығысына байланысты мәселелерді дереу реттеу жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.

5-тарау. Комплаенс тәуекелдерінің түрлері және олардың пайда болу факторлары

18. Осы Саясатқа сәйкес Қордың комплаенс-тәуекелдеріне мынадай тәуекелдер жатады:

- 1) Қордың және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтамауы, оның ішінде:
 - Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын бұзу;
 - биржалық талаптарды бұзу;
 - Қазақстан Республикасының ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру саласындағы заңнамасын бұзу;
 - комплаенс-тәуекелдерді басқаруға қойылатын талаптар бойынша халықаралық стандарттар;
- 2) Қор қызметкерлерінің алаяқтығы;
- 3) Қор жұмыс істейтін халықаралық нарықтардың талаптары мен этикалық нормаларын сақтамау;
- 4) іскерлік беделін жоғалту қаупі.

19. Қордың комплаенс тәуекелінің пайда болуы ішкі және сыртқы факторларға байланысты болуы мүмкін.

20. Қордың комплаенс-тәуекелінің пайда болуының ішкі факторларына мыналар жатады:

- 1) Қор қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қордың құрылтайшылық және ішкі құжаттарының талаптарын сақтамауы;

2) Қор процестерінде мүдделер қақтығысының болуы және Қордың мүліктік мүдделері мен іскерлік беделіне нұқсан келтіру мүмкіндігіне әкеп соғатын Қордың тәуекелдерін ішкі бақылау және басқару жүйелерін ұйымдастырудың басқа да кемшіліктері;

3) Қордың (Қордың үлестес және/немесе байланысты тұлғаларының) шарттық міндеттемелерді орындамауы;

4) Қордың ішкі құжаттарының болмау ықтималдығы немесе сапасының төмендігі;

5) мүдделер қақтығысын тиімді реттеуге, сондай-ақ мүдделер қақтығысының теріс салдарын барынша азайтуға мүмкіндік беретін механизмдердің болмауы, оның ішінде шағымдардың, сот талап арыздарының алдын алу және (немесе) уәкілетті мемлекеттік органдар тарапынан ықпал ету шараларын қолдану;

6) жаңа өнімдерді әзірлеу/өзгерту/енгізу/операцияларды жүргізу талаптары/ Қор мәмілелерін жасасу кезінде комплаенс-тәуекелді тиімсіз басқару;

7) Қордың жосықсыз әріптестер мен контрагенттердің, сондай-ақ Қор қызметкерлерінің құқыққа қайшы қызметіне тиімді түрдегі қарсылық іс-қимылын жасай алмауы.

21. Қордың комплаенс-тәуекелінің пайда болуының сыртқы факторларына мыналар жатады:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының жетілмегендігі;

2) Қордың үлестес тұлғаларының Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қордың құрылтайшылық және ішкі құжаттарын сақтамауы;

3) Қордың үлестес тұлғаларының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға тиімді түрдегі қарсылық іс-қимылдарын жасай алмауы;

4) бұқаралық ақпарат құралдарында Қор немесе оның қызметкерлері, Қордың Директорлар кеңесінің және Қор Басқармасының мүшелері, Қордың үлестес тұлғалары туралы жағымсыз ақпаратты жариялау;

5) басқа объективті сыртқы жағдай (экономикалық, саяси, құқықтық және т.б.), кез келген үшінші тұлғалардың (мемлекеттік органдардың, контрагенттердің, серіктестердің және т. б.) әрекеттері/әрекетсіздігі.

22. Қор комплаенс-тәуекелді басқару процесінің мынадай кезеңдерін бөліп көрсетеді:

1) комплаенс-тәуекелдерді сәйкестендіру – Қор ұшыраған немесе ұшырауы мүмкін ішкі және сыртқы комплаенс-тәуекелдерді айқындау, олардың Қор қызметіне әсер ету сипатын белгілеу;

2) комплаенс-тәуекелдерді бағалау және өлшеу – ықтимал залалдың мөлшерін және Қор тәуекелдерін іске асыру ықтималдығын объективті белгілеуге мүмкіндік беретін әдістемелер мен құралдарды әзірлеу және пайдалану, солардың негізінде олардың жарамдылығы туралы шешім қабылданады;

3) комплаенс-тәуекелдерді барынша азайту – шығындарға (залалға) әкеп соғатын оқиғалардың немесе мән-жайлардың туындау ықтималдығын төмендетуге және (немесе) ықтимал залалдардың (залалдың) мөлшерін азайтуға (шектеуге) бағытталған шаралар кешенін жүзеге асыру;

4) комплаенс-тәуекелдерді бақылау және мониторингілеу – белгіленген шектеулер мен талаптардың сақталуын бақылау (комплаенс-бақылау), комплаенс-бақылау рәсімдерінің сақталуын мониторингілеу;

5) комплаенс-тәуекелдерді бақылау және мониторингілеу – белгіленген шектеулер мен талаптардың сақталуын бақылау (комплаенс-бақылау), комплаенс-бақылау рәсімдерінің сақталу мониторингі.

23. Мыналар комплаенс-тәуекелдерді басқару әдістері болып табылады:

- 1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының тұрақты мониторингі;
- 2) Қор қолжетімді бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе сыртқы (шетелдік) заңгерлердің/адвокаттардың білікті консультацияларын алу арқылы (мүмкіндігіне қарай немесе қажет болған жағдайда) резиденттерімен белсенді жұмыс істейтін шет мемлекеттер заңнамасының мониторингі;
- 3) Қордың барлық ішкі құжаттарының жобаларын және регламенттеу сипаты бар Қор органдарының шешімдерін, сондай-ақ өкімдік құжаттарды сапалы дайындау және комплаенс-бақылаушымен келісу;
- 4) Қордың барлық мүдделі құрылымдық бөлімшелерімен және Қордың уәкілетті органдарымен/тұлғаларымен келісілген Қордың барлық жобалары/қызметтері бойынша шарттардың бірыңғай үлгілік нысандарын бекіту, сондай-ақ пайдалану;
- 5) қажет болған жағдайда ішкі құжаттардың жобаларын Комплаенс қызметімен келісу;
- 6) Қордың Ішкі аудит қызметі, уәкілетті және басқа да мемлекеттік органдар жүргізетін Қорды тексерулердің барлық нәтижелерімен Комплаенс қызметінің танысуы;
- 7) Комплаенс қызметінің Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарды, Қорға қойылған талаптарды (шағымдарды), айыппұл санкцияларын есепке алуды жүргізуі, олардың туындау себептері мен жағдайларын талдау, оларды жоюға, алдын алу шараларын болдырмауға және қабылдауға бағытталған шараларды/іс-шараларды жүргізуді жүзеге асыруы және бақылауы;
- 8) ресми өтініштерде, баспасөз релиздерінде, түсініктемелерде, жылдық есептерде және т. б. Қордың шегінен тыс таратылатын Қор және оның қызметі туралы кез келген ақпаратты Комплаенс қызметімен алдын ала келісу;
- 9) Қазақстан Республикасы уәкілетті органдарының міндетті талаптарының уақтылы және сапалы орындалуын бақылау;
- 10) Қордың лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын сақтауын, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын білуін және дұрыс қолдануын бақылау;
- 11) Комплаенс қызметінің Қордың құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің комплаенс-тәуекелдерді жою жөніндегі қызметін зерделеуі;
- 12) олардың заңдылығына және (немесе) олардың Қор мүдделеріне сәйкестігіне күмән туғызатын операциялар мен мәмілелерді, оның ішінде жасалуы болжанатын мәмілелерді талдау;
- 13) Қордың және оның үлестес тұлғаларының Қазақстан Республикасы заңнамасының/шет мемлекеттер заңнамасының және Қордың ішкі құжаттарының талаптарын бұзған жағдайлары анықталған кезде тексерулер / тергеулер жүргізу, тексерулер мен қызметтік тергеулер жүргізу тәртібін белгілейтін ішкі құжатқа сәйкес қайталанған бұзушылықтарды жою және оларға жол бермеу жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдар беру;
- 14) ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру жөніндегі мәмілелерді, Қазақстан Республикасының қаржы нарығындағы қызмет стандарттарын анықтау бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру;
- 15) ішкі және сыртқы алаяқтықты (fraud management) анықтауға және болдырмауға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру;
- 16) Қордың барлық қызметкерлерін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарымен және қызметкерлердің қызметтік міндеттерін ескере отырып, Қордың қызметін реттейтін Қордың ішкі құжаттарымен таныстыру бойынша Қордағы жұмыстың ұйымдастырылуын бақылау;

17) Осы Саясаттың ережелерін тиімді іске асыру мақсатында өзге де шаралар мен іс-шараларды қабылдау.

24. Комплаенс-тәуекел деңгейін бағалау үшін Қор келесі көрсеткіштерді пайдаланады:

1) Қорға қатысты, оның ішінде серіктестер мен контрагенттерге қызмет көрсету сапасына, іскерлік айналымның әдет-ғұрыптарын сақтау жөніндегі арыз-шағымдар;

2) Қор немесе оның қызметкерлері, Қордың Директорлар кеңесінің және Қор Басқармасының мүшелері, үлестес тұлғалар туралы белгілі бір уақыт кезеңі бойынша бұқаралық ақпарат құралдарындағы теріс және оң пікірлер мен хабарламалар;

3) Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнама талаптарын сақтамау жағдайларын, Қорды немесе оның қызметкерлерін, үлестес тұлғаларды қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға ықтимал тарту белгілерін анықтау;

4) Қордың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтін ішкі құжаттарының болуы, олардың ережелерінің Қордың басқа қолданыстағы ішкі құжаттарына қайшы келуі;

5) Қордағы ұрлау, жалғандық, алаяқтық, клиенттер мен контрагенттерден алынған құпия (инсайдерлік) ақпаратты Қор қызметкерлерінің жеке мақсаттарында пайдалану фактілерін анықтауға қатысу;

6) Қордың бизнес-процестерінде тиісті емес технологияларды қолданудың теріс салдары.

25. Қарастырылып отырған әрбір жағдайдың жеке сипаттамаларынан басқа, мына факторлар да ескеріледі:

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын Қордың бұзуы анықталған жағдайлардың ұлғаюы (азаюы);

2) клиенттер, контрагенттер және серіктестер тарапынан Қорға қатысты шағымдар мен талаптар санының ұлғаюы (азаюы);

3) Қордың үшінші тұлғаларға олардың шағымдары, наразылықтары бойынша немесе сот органдарының шешімдері (ұйғарымдары, қаулылары) бойынша төлем жағдайлары мен мөлшері;

4) уәкілетті және басқа да мемлекеттік органдардың ықпал ету шараларын, санкцияларды немесе жауапкершілік шараларын Қорға қолдану жағдайлары мен себептері.

6-тарау. Мүдделер қақтығысының алдын алу

26. Қор комплаенс-тәуекелдерді басқаруда комплаенс-тәуекелдердің нақты жүзеге асуының алдын алу мақсатында тәуекелдерді проактивті басқаруға бағдарланған. Осыған байланысты негізгі тәсілдердің бірі – Қор қызметіндегі мүдделер қақтығысының алдын алу және ерте анықтау болып табылады. Қордың лауазымды адамдары өздерінің ресми жағдайын жеке басына қаржылық пайданы негізсіз алу үшін пайдаланбайды, сол мақсаттағы ешқандай мәмілелерге қатыспайды, соған тиімді жағдайға ие болмайды, ешқандай қызметіне тән емес функцияларды атқармайды және лауазымына, өкілеттіктеріне немесе атқаратын функциялары мен міндеттеріне сәйкес келмейтін қаржылық, коммерциялық немесе өзге де ұқсас мүдделері болмауы тиіс.

27. Қордың лауазымды адамының немесе құрылымдық бөлімшесі басшысының өкілеттіктерінде мүдделер қақтығысы анықталған жағдайда мүдделер қақтығысын болғызбау немесе реттеу шаралары мүдделер қақтығысының тарабы болып табылатын Қор қызметкерінің лауазымдық (қызметтік) жағдайын ол белгіленген тәртіппен

лауазымдық (қызметтік) міндеттерін атқарудан шеттетілгенге дейін және (немесе) мүдделер қақтығысының туындауына себеп болған пайдадан бас тартқанға дейін өзгертуден тұруы мүмкін.

28. Мүдделер қақтығысына әкеп соқтыратын немесе әкеп соғуы мүмкін басқа қызметкердің жеке мүдделерінің туындағаны туралы білетін Қор қызметкері қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімнің тікелей басшысына және Комплаенс қызметіне хабарлау арқылы мүдделер қақтығысының алдын алу немесе оны реттеу жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.

7-тарау. Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл

29. Қордағы сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты – Қордың лауазымды адамдары мен қызметкерлерін олардың атқаратын лауазымына қарамастан, сыбайлас жемқорлық қызметіне және алаяқтыққа тарту тәуекелін барынша азайту болып табылады.

30. Қойылған мақсатқа жету үшін осы Саясат мынадай міндеттерді шешуді көздейді:

1) Қордың үлестес тұлғаларында, лауазымды адамдары мен қызметкерлерінде кез келген сыбайлас жемқорлық көріністеріне мүлдем төзбеушілік түсінігін қалыптастыру;

2) Қорға және оның үлестес тұлғаларына, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне қолданылуы мүмкін Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының негізгі талаптарын қорытып түсіндіру;

3) Қордың үлестес тұлғалары, лауазымды адамдары мен қызметкерлері үшін Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарын білу және сақтау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны болғызбау жөніндегі адекватты рәсімдерді жүзеге асыру міндетін белгілеу;

4) сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы іс-қимылға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарын барынша азайтуға және (немесе) жоюға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды әзірлеу және енгізу.

31. Қордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары:

1) сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне мүлдем төзбеушілік – Қор өз қызметін жүзеге асыру кезінде кез келген нысандар мен көріністерде сыбайлас жемқорлықтан толық бас тарту қағидатын ұстанады. Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне мүлдем төзбеушілік қағидаты Қордың атынан немесе оның мүддесі үшін әрекет ететін үлестес тұлғаларға, Қордың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне тікелей немесе жанама түрде, жеке өзі немесе қандай да бір делдалдық арқылы белгілі бір елде бизнес жүргізу практикасына қарамастан сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысуға қатаң тыйым салуды білдіреді;

2) жоғары басшылықтың бейілділігі және «жоғарыдан екпінді» белгілеу – Қордың Директорлар кеңесі мен Қор Басқармасы сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыруда және Қорда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жүйесін құруда түйінді рөл атқарады. Қордың Директорлар кеңесі мен Басқармасының мүшелері сыбайлас жемқорлық көріністерінің кез келген нысандарына келіспеушілік туралы мәлімдеуге және барлық деңгейлерде осы қағидатты жеке басы түрінде көрсетуі, сақтауы және іске асыруы тиіс;

3) қызметкерлерді ынталандыру – Қор өзінің лауазымды адамдары мен қызметкерлерін Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының ережелері жөнінде хабардар етеді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен рәсімдерді қалыптастыруға және іске асыруға олардың белсенді қатысуын құптайды;

4) жазаның бұлтартпаушылығы – Қор өз қызметкерлері лауазымдық міндеттерін атқару кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда атқаратын лауазымына, жұмыс өтіліне және өзге де жағдайларға қарамастан олардың бұлтартусыз жазаланатыны жөнінде мәлімдейді;

5) осы Саясаттың заңдылығы мен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және жалпы қабылданған нормаларға сәйкестігі – Қор Қазақстан Республикасының және қызмет жүргізетін немесе жүргізуді жоспарлайтын өзге де елдердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын қатаң сақтайды және оның кез келген әрекеті немесе әрекетсіздігі қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларына қайшы келмейді;

6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі рәсімдердің шамаластығы – Қор Қордың қызметінде туындауы мүмкін сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне пропорционалды түрде Қорды, оның үлестес тұлғаларын, лауазымды адамдары мен қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық қызметіне тарту ықтималдығын төмендетуге мүмкіндік беретін бақылау рәсімдерін әзірлейді және енгізеді;

7) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдердің тиімділігі – Қор оларды іске асырудың қарапайымдылығын және елеулі нәтиже алуды қамтамасыз ететін рәсімдерді барынша ашық, түсінікті, орындалатын етуге ұмтылады. Қор қолданыстағы бақылау рәсімдерінің тиімділігін бағалауды жүзеге асырады және тиімсіз болған жағдайда оларды жетілдіреді;

8) тиісті сақтық – Қор іскерлік/еңбек қатынастарын бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдағанға дейін жұмысқа орналасуға кандидаттарды олардың сенімділігі, сыбайлас жемқорлықтан бас тартуы және мүдделер қақтығысының болмауы тұрғысынан тексеруді жүзеге асырады;

9) мониторинг және бақылау – Қор сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің жай-күйін мониторингілеуді жүзеге асырады, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл бойынша енгізілген рәсімдердің сақталуын және олардың тиімділігін бақылайды;

10) өзара іс-қимыл және үйлестіру – Қор мемлекеттік органдармен, Қордың үлестес тұлғаларымен және үшінші тұлғаларымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласындағы өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл процесінде іс-қимылдарды үйлестіруді қамтамасыз етеді.

32. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес жауапкершілік көзделген сыбайлас жемқорлық қылмыстар/құқық бұзушылықтар (бірақ аталғандармен шектелмейді) мыналар болып табылады:

1) лауазымды адамның өзіне сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденуі немесе ысырап етуі, егер бұл әрекеттер оның өз қызметтік жағдайын пайдалануына байланысты болса;

2) өзінің қызметтік жағдайын пайдалана отырып, алаяқтық жасау, яғни біреудің мүлкін ұрлау немесе адамды алдау немесе сенімді теріс пайдалану арқылы біреудің мүлкіне құқық алу;

3) лауазымды адамның қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті заңдастыруы (жылыстату), егер осы іс-әрекет оның өзінің қызметтік жағдайын пайдалануымен байланысты болсап;

4) лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану, билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану;

5) кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу;

6) пара алу, пара беру, паракорлыққа делдалдық ету;

7) қызметтік жалғандық;

8) қызмет бойынша әрекетсіздік;

- 9) билікті теріс пайдалану, лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану;
- 10) немқұрайлылық;
- 11) жеке және заңды тұлғаларға заңсыз материалдық сыйақы беру;
- 12) Қор қызметкерінің заңсыз материалдық сыйақы алуы;
- 13) бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау.

33. Қор, оның үлестес тұлғалары, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларын, сондай-ақ осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарын сақтауға міндетті. Осы Саясатты іске асыру кезінде Қордың үлестес тұлғаларына, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне тікелей немесе жанама түрде, жеке өзі немесе үшінші тұлғалар арқылы сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысуға тыйым салынады, сондай-ақ:

1) пара ұсыну, пара уәде ету немесе пара беруді жүзеге асыру, яғни кез-келген адамды өзінің лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамауға шақыру ниетімен кез-келген қаржылық немесе басқа пайда/артықшылық беру немесе уәде беру;

2) пара талап ету, қабылдауға келісу немесе қабылдау, яғни өзінің лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін кез келген қаржылық немесе өзге де пайда/артықшылық алу немесе алуға келісу;

3) қолданыстағы заңнамада көзделгендерді қоспағанда, төлемдерді ұсыну, уәде ету немесе жүзеге асыру, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдарға, оның ішінде шетелдік лауазымды адамдарға белгіленген рәсімдерді жеделдеткені немесе оңайлатқаны үшін сыйлықтар ұсыну;

4) төлемдер белгіленген рәсімдерді жеделдету немесе оңайлату үшін пайдаланылуы мүмкін деген күдік болған жағдайда үшінші тұлғаларға төлемдер ұсыну, уәде беру немесе жүзеге асыру;

5) жеке пайда алу үшін Қорда (оның ішінде уақытша негізде) жұмысқа орналасуды ұсыну, уәде беру немесе жұмысқа орналастыру;

6) үлестес/үшінші тұлғалардан асыра немесе жалған төлемдерді қабылдау немесе қабылдауға жәрдемдесу;

7) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарына және Қордың ішкі құжаттарына қайшы келетін сыйлықтар немесе қонақжайлылық белгілерін беру немесе алу.

34. Қордың лауазымды адамдары өздерінің кәсіби қызметінде мынадай мінез құлық нормаларын қатаң сақтауы тиіс:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы саясаттың талаптарын орындау;

2) іскерлік қатынастарда адал және әдепті болу, лауазымдық міндеттерді жүргізудің кез келген жосықсыз тәсілдерінен аулақ болу;

3) Қордың беделін түсіруге әсер ететін іс-әрекеттер жасауға жол бермеу;

4) Қордың қызметтік жағдайын, құпия және инсайдерлік ақпаратты, материалдық және материалдық емес активтерін жеке мақсатта пайдаланбау;

5) заңсыз әрекеттерге немесе олардың заңдылығы мен әдептілігіне қатысты күдік тудыруы мүмкін әрекеттерге жол бермеу;

6) әріптестерінен сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары құқықтық мәдениетті сақтауды қолдау және талап ету;

7) кәсіпкерлік қызметті және (немесе) табыс алуға байланысты өзге де қызметті жүзеге асыру барысында біреуге жәрдем көрсетуден қалыс қалу;

8) басқа қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндірмеу және мұндай әрекеттерді көтермелемеу;

9) мүдделер қақтығысы болған кезде лауазымдық міндеттерді жүзеге асырмау.

35. Қор қызметкерлері:

1) Қордың мүддесі үшін немесе оның атынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаудан және (немесе) жасауға қатысудан қалыс қалуға;

2) айналасындағылар Қордың мүддесі үшін немесе оның атынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға немесе жасауға қатысуға дайын деп түсіндіруі мүмкін мінез-құлықтан қалыс қалуға;

3) тікелей басшыға қызметкердің мүдделер қақтығысының туындау мүмкіндігі не туындағаны туралы хабарлауға міндетті. Өз іс-әрекеттерінің дұрыстығына немесе кез келген басқа мінез-құлық нормаларына күмән туындаған кезде Қордың лауазымды адамдары мен қызметкерлері Қор қызметін үйлестіру департаментіне және Қордың Комплаенс қызметіне жүгіне алады.

36. Қор қызметінің кейбір салаларында сыбайлас жемқорлық тәуекелі туындауы мүмкін. Мұндай салалар мыналарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

1) үшінші тұлғаларды тарту және үшінші тұлғаларға төлемдерді жүзеге асыру;

2) сыйлықтар және өкілдік шығыстар;

3) саяси қызметке қатысу;

4) жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдарға, мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруға уәкілетті адамдарға, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдарға, оның ішінде шетелдік лауазымды адамдарға төлемдер;

5) демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету;

6) Қордың активтерді сатып алу және иеліктен шығару, бірігу және сіңіру жөніндегі қызметі шеңберінде мәмілелер және өзге де мәмілелер жасау;

7) персоналды басқару.

37. Қор үшінші тұлғаларды тартудан және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарын бұзатын немесе Қор үшін іскерлік беделін жоғалту қаупін тудыратын серіктестермен бірлескен кәсіпорындарға қатысудан қалыс қалады.

38. Үшінші тұлғалармен іскерлік ынтымақтастықты бастау немесе жалғастыру немесе бірлескен кәсіпорынға қатысу туралы шешім қабылдағанға дейін Қордың үшінші тұлғаларды тартуға бастамашы болған тиісті құрылымдық бөлімшелері:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында белгіленген рәсімдерді сақтауға;

2) мынадай рәсімдерді (қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей) жүргізу арқылы сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне бірлескен кәсіпорындар бойынша үшінші тұлғалар мен әріптестердің мониторингін жүзеге асыру: - сыбайлас жемқорлыққа қарсы жеке саясаты мен рәсімдерінің бар-жоғын тексеру, осы Саясаттың талаптарын сақтауға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында өзара ынтымақтастықты жүзеге асыруға дайын болу; - іскерлік беделін және мүдделер қақтығысының болмауын тексеру; - тиісті уәкілетті және мемлекеттік органдарға сұрау жолдау арқылы жалған кәсіпкерлік, сенімділік, салықтық және өзге де берешектің, ақша қаражатының көзінің, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған қаражат жіберілетін банктің, юрисдикцияның бар-жоғын тексеруге міндетті;

3) жасалатын мәмілелерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпе енгізуге міндетті. Қор өз тарапынан сыбайлас жемқорлық фактілері анықталған жағдайда бірлескен жобалар бойынша үшінші тұлғалармен және әріптестермен мәмілелерді бұзу құқығын өзіне қалдырады;

4) бірлескен жобалар бойынша үшінші тұлғалар мен әріптестерді осы Саясаттың қағидаттары мен талаптары туралы хабардар етуге міндетті.

39. Қор бірлескен жобалар бойынша үшінші тұлғалар мен серіктестердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат пен рәсімдерді, сондай-ақ мінез-құлық стандарттарын қабылдауын құптайды.

8-тарау. Инсайдерлік ақпаратты бақылау және оны ашу

40. Қор осы Саясат арқылы «Бағалы қағаздар нарығы туралы» және «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңдарының (бұдан әрі – Акционерлік қоғамдар туралы Заң), «Қазақстан қор биржасы» АҚ инсайдерлік ақпаратты бақылау және оны ашу жөніндегі нормативтік құжаттарының талаптарының сақталуын растайды. Олардың талаптарына сәйкес Қордың барлық қызметкерлеріне қолданылатын Қор инсайдерлерінің тізімін жүргізу және өзектендіру тәртібін, инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу, пайдалану және ашу тәртібін регламенттейтін Қордың инсайдерлік ақпаратына қол жеткізуді ішкі бақылау қағидалары бекітілді.

9-тарау. Сыйлық беру және қабылдау саясаты

41. Кез келген сыйлықтарды қабылдауға немесе беруге қатысты Қор қызметкерлері міндетті түрде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын басшылыққа алады.

42. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік қызметшілерге және өзіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылдаған өзге де адамдарға, сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне мемлекеттік қызметшілердің және өзіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылдаған өзге де адамдардың әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер аталған адамдардың қызметтік өкілеттіктеріне кірсе немесе бұл адамдар лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал ете алса, сыйлық берушінің пайдасын көздейтін сыйлықтар беруге жол берілмейді.

43. Сыйлықты қабылдау мүмкіндігі туралы шешім қабылдау үшін Қор қызметкерінің өзі жауапты, алайда, егер мүмкін болса, ол сыйлық немесе қонақжайлылық қабылданғанға дейін өз бөлімшесінің басшысына немесе тікелей басшысына алдын-ала жазбаша немесе электрондық пошта арқылы хабарлауы тиіс.

44. Қор қызметкерлеріне ешқандай жағдайда сыйлықтар мен қонақжайлылықтың басқа да көріністерін талап етуге қатаң тыйым салынады.

10-тарау. Комплаенс-бақылау және комплаенс-тәуекелдерді басқару процесіндегі мониторинг және есептілік

45. Қордағы комплаенс-тәуекелді басқаруды тиімді мониторингілеу мақсатында Комплаенс қызметі Қордағы комплаенс-тәуекелдерді іске асыру оқиғалары туралы деректер базасын, оның ішінде айыппұл санкциялары және Қорға қатысты қолданылатын шектеулі ықпал ету шаралары бойынша деректерді электрондық түрде жүргізуді жүзеге асырады.

46. Сонымен қатар тоқсан сайынғы негізде Комплаенс қызметі Қор басқармасына іске асырылған комплаенс-тәуекелдер бойынша ақпаратты жинауды ұйымдастырады және қалыптастырады, оған мыналар кіреді:

- 1) есепті кезеңде іске асырылған комплаенс-тәуекел оқиғалары;
- 2) орын алған комплаенс-тәуекел оқиғалары бойынша залалды айқындау мүмкіндігі болған жағдайда оның сомасы;
- 3) орын алған комплаенс-тәуекел оқиғаларынан болатын салдарларды барынша азайту және болашақта оларды жою жөніндегі ұсынылатын іс-шаралар;
- 4) алдыңғы есепті кезеңдегі іс-шаралардың орындалуы туралы есеп.

47. Комплаенс-тәуекелдің іске асырылған оқиғалары бойынша Комплаенс қызметінің ақпарат нысаны осы Саясатқа №1 қосымшада келтірілген. Іске асырылған

комплаенс-тәуекелдер бойынша ақпарат Директорлар кеңесінің қарауына жылына бір рет шығарылады.

48. Комплаенс қызметінің іске асырылған комплаенс-тәуекел оқиғалары бойынша ақпаратты уақтылы және дәйекті дайындау мақсатында комплаенс жүйесінің барлық қатысушылары Комплаенс қызметінен тиісті сұрауды алған сәттен бастап 3 жұмыс күні ішінде Комплаенс қызметіне Қор қызметінде жол берілген бұзушылықтар, Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын қызметкерлердің іс-әрекеттері туралы, сондай-ақ олардың заңдылығына күмән тудыратын операциялар немесе мәмілелер туралы мәліметтерді, оның ішінде мыналар туралы ақпаратты ұсынады:

1) кез келген құқыққа қайшы әрекеттер, қызмет, шешімдер, мәмілелер және Қазақстан Республикасының заңнамасын және Қордың ішкі құжаттарын бұзудың өзге де анықталған фактілері туралы;

2) олардың заңдылығына және/немесе Қордың мүдделеріне сәйкестігіне негізделген күмән тудыратын кез келген операциялар немесе мәмілелер туралы.

49. Қордың комплаенс-тәуекелдерін басқарудың тиімділігі туралы хабардар ету мақсатында Комплаенс қызметі тоқсан сайын және жыл сайын күнтізбелік жыл өткеннен кейін Қордың Директорлар кеңесіне Қор үшін залал тұрғысынан неғұрлым маңызды болып табылатын салдарларды, оған жауапты бөлімшелерді, сондай-ақ Қор Басқармасының алдын ала қарауынан кейін Қордың комплаенс-тәуекелдерін барынша азайту жөніндегі қабылданған және жоспарланатын іс-шараларды көрсете отырып, жыл ішінде іске асырылған комплаенс-тәуекелдер туралы ақпарат дайындайды.

50. Комплаенс - бақылаудың тиімділігі туралы хабардар ету мақсатында Комплаенс қызметі жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-шы күніне Қордың ресми интернет-ресурсында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жүргізілген іс-шаралар жөніндегі ақпаратты (есепті) орналастырады.

51. Қор Қордың Директорлар кеңесі, Қор басқармасы және Қордың барлық құрылымдық бөлімшелері арасында комплаенс-тәуекелді жедел және стратегиялық басқару үшін қажетті ақпаратпен тиімді алмасуды қолдайды.

52. Қордың комплаенс-бақылау және комплаенс-тәуекелді басқару жүйелерін жетілдіру Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығына сәйкес тәуекелдердің комплаенсін, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша Қордың Комплаенс қызметінің ұсынымдарына сәйкес жүзеге асырылады.

53. Қордың лауазымды адамдары мен Қордың құрылымдық бөлімшелерінің басшылары Комплаенс қызметінің ұсынымына сәйкес және сыртқы аудит нәтижелері бойынша комплаенс-бақылау және комплаенс-тәуекелді басқару жүйелерін жетілдіру жөніндегі Қор органдарының шешімдерін уақтылы және тиісінше орындауға жауапты болады.

11-тарау. Қорытынды ережелер

54. Қордың лауазымды тұлғалары мен құрылымдық бөлімшелерінің басшылары Қордың Директорлар кеңесіне, Басқармасына және комплаенс қызметіне ұсынылатын комплаенс-бақылау және комплаенс-тәуекелді басқару жүйелерін жетілдіру жөніндегі шешімдердің орындалуы жөніндегі ақпараттың уақтылы және дәйекті болуына жауапты болады.

55. Осы Саясаттың ережелері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына қайшы келген жағдайда, ол Қазақстан Республикасының

қолданыстағы нормативтік құқықтық актілеріне қайшы келмейтін бөлігінде қолдануға жатқызылады және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес келтіру мақсатында өзгертуге жатады.

56. Осы Саясатқа Қордың негізгі стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін өзектендіруге, қайта қарауға және одан әрі дамытуға байланысты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасындағы, сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерге сәйкес өзгерістер енгізілуі мүмкін.

57. Қордың қызметкерлері, Қордың лауазымды адамдарын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына, Еңбек шартына және Қордың ішкі құжаттарына сәйкес осы Саясаттың ережелерін орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін, оның ішінде дұрыс емес және толық емес орындағаны үшін, сондай-ақ комплаенс-тәуекелді іске асыруды болғызбау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы тиісті ұсынымдарды уақтылы енгізу үшін комплаенс қызметі сұрататын ақпаратты, мәліметтер мен құжаттарды уақтылы ұсынбағаны үшін жауапты болады.

58. Осы Саясатпен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен шешіледі.

Қордың комплаенс-тәуекел оқиғалары жөніндегі
АҚПАРАТ

№	Қор процесінің атауы	Оқиғалар/ Бұзушылықтар	Залал/ Шығын (теңге)	Жою жөніндегі шаралар	Жауапты бөлімше	Орындау мерзімі	Ағымдағы жағдай	Ескерту
1.								
2.								
	БАРЛЫҒЫ							

Комплаенс қызметінің басшысы

(қолы)_____
(аты-жөні)

Күні

